

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 295 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекеме жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен акционерлік қоғамдар (бұдан әрі - Қоғамдар) және жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - Серіктестік) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "811-әскери зауыты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "ҚИ 811-автомобиль жөндеу зауыты" акционерлік қоғамына;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "832-әскери зауыты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "ҚИ 832-автомобиль жөндеу зауыты" акционерлік қоғамына;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Бронетанк жөндеу зауыты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Семей инжиниринг" акционерлік қоғамына;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Арнайы материалтану ғылыми-зерттеу институты тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісімен бірге" мемлекеттік мекемесі "Арнайы материалтану" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне.

2. Қоғамдар мен Серіктестік қызметінің негізгі бағыты қорғаныс, екі ұдай және азаматтық мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, жаңғырту және сату болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамдар мен Серіктестіктің жарғыларын бекітуді және оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) Қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін және Серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесін "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2) "Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 10, 121-құжат):

5 - тармақ алынып тасталсын.

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК